

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

24.02.2021 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А. Ұ. Маминге**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Біздің депутаттық сауалымызға өткен аптада адам өліміне әкеп соққан Жамбыл, Қызылорда облыстарында және Петропавл қаласында болған қайғылы оқиғалар себеп болып отыр.

«Тас түскен жеріне ауыр» - демекші бұл жағдай бүкіл Қазақстандықтардың қайғысы. Өрт салдарынан жазықсыз нәрестелерінен және азаматтарынан айырылып қалған жақындарына депутаттар атынан қайғырып көңіл айтамыз. Кінәсіз дүнеден өткен балаларымызбен азаматтарымыздың қауіпсіздігі үшін кім жауапты деген сұрақ баршамазды ойландырады. Осы оқиға тиісті жергілікті атқарушы органдарға үлкен сабақ болу қажет. Қашанғы біздің тұрғындарымыз оттың астында қала беру керек? Ертеңгі күні бұндай жағдайларға тап болмауымызға кім кепіл?

"Nur Otan" партиясының сайлауалды бағдарламасында "Өзгеріс жолы: әркімге лайықты өмір!" Балалардың құқықтарын қорғауға, соның ішінде олардың қауіпсіз өміріне ерекше орын беріледі. Балалар біздің болашағымыз және біз олар үшін жауаптымыз!

Болған оқиғалар бойынша түбегейлі шешуді талап ететін мәселелер көп екенін көрсетті.

19 ақпанда Жамбыл облысы Жаңатас қаласындағы пәтерлердің бірінде балалар үлкендердің қарауынсыз қалуы салдарынан өрт шыққан. Осы уақытта пәтерде бес бірдей кәмелетке толмаған балалар көміртегі газынан тұншығып қаза тапты. Сонымен қоса, 18 ақпан күні Қызылорда қаласында тура осындай жағдай болып, өрт салдарынан бес бала зардап шегіп, өмірге жаңадан келген алты айлық бала көз жұмды.

21 ақпанда Петропавл қаласында болған өрт салдарынан екі адам қаза тауып, 13 адам ауруханаға жатқызылды.

Өткен жылдың қыркүйегінде тиісті өкілеттіктермен және кадрлармен қамтамасыз етілген Төтенше жағдайлар министрлігі қайта құрылды. Алайда, оның атқарған жұмысы әрдайым уақытылы және тиімді бола бермейді.

2020 жылдың тоғыз айында елімізде тоғыз мыңнан астам өрт болды, 228 адам қаза тапты, жарақат алғандар 217 адам.

Төтенше жағдайлар министрлігі қыс маусымына дайындық жұмыстары жүріп жатқандығы туралы мәлімдеді. Олардың мәліметтері бойынша, жұмыстардың барлығы аяқталып, кемшіліктерді жою туралы нұсқаулар берілген.

Алайда, орын алып отырған қайғылы оқиғалар істеліп жатқан профилактикалық жұмыстың жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, сізден:

1. Төтенше жағдайлар министрлігі өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, көп қабатты тұрғын үйлерге, әсіресе времянка, дачаларға, басқа да жайлы емес тұрғын үйлерге әрбір нақты жағдайда көмек көрсету тұрғысынан толық жұмыстарды жүргізуді;

2. Жаңатас, Қызылорда және Петропавлдағы оқиғаларыға қатысты жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша кінәлі лауазымды тұлғаларға ең қатаң шаралар қабылдап және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарына (БАҚ) ақпарат беруді;

3. Осындай жағдайлардың алдын алу жөніндегі ахуал ерекше бақылауға алынып, Төтенше жағдайлар министрлігі жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, профилактикалық жұмыстарды өрт қауіпсіздігін бақылау және алдын алу шараларды күшейту жөніндегі жүйелі жұмыстарды жүргізуді ұсынамыз.

Депутаттық сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Ф.Қаратаев
және «Nur Otan» партиясы
Фракциясының басқа мүшелері

Орындаған Ө.Әуенов
тел.746356